

«Қаралды»
Пед кеңесте №1
08» 08 2021 жыл

«Бекітемін»
Қыналы НОББМ директоры
Ж.К. Калиева



«Келісілді»
Аудандық білім бөлімінің
басшысы Б.Д. Сейілханов



Тақырыбы:
« Ойна да, ойла »
(вариативтік компоненті)

Сыныбы: МАД
Орындады: Куптлеуова Л.А

Ә/Б отырысында қаралды: Ж.С. Жапакова
(Ә/Б жетекшісі)

№ 1 хаттама күні 08 айы 2021 ж

Тексерілді: Ж.Ә. Жолдасова
(Оқу ісінің менгерушісі)

Түсінік хат

Мектепке дейінгі тәрбие - барлық тәрбиенің бастамасы. Ал, баланың жан - жақты дамуы үшін ойынның орны ерекше. Ойын барысында балалардың айналадағы дүние жайында мағұлматтары кеңейіп, жауапкершілігі артады. Ойын – өсіп келе жатқан бала организмінің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шындала түседі, көзі қырағылайды, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып, жетіле түседі.

Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойымен байланысты. Баланың өмірдегі қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті - ойын. Қазақтың ойшыл ақыны Абай Құнанбаев: « Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойынның бірнеше түрлері бар. Олар: қимылды ойындар, топтық ойындар, логикалық ойындар, дамытушы ойындар.

Қимылды ойындар балалардың жан жақты өсіп жетілуіне үлкен рөл атқарады. Ойын баланың секіруі лақтыруы, қағып алу іскерліктерін дамытады. Қимылдарды орындау, батылдық, шапшаңдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, сенімділік сезімін күшейтеді және ұжымда өзінің тиісті орын алуға көмектеседі.

Дидактикалық ойындар балалардың ақыл – ойының, сезім қиялының қалыптасуына, қызметіне қарай заттардың топтасуына, заттарды өсу, кему ретімен орналастыруға, зейін қоя білуге, есте сақтау, байқағыштық қабілеттері дами түседі.

Дамытушы ойындар балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттырады. Бала саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол болып, жан – жақты даму үшін және тілін, сөз байлығын дамыту, айналадағы өмір құбылысын меңгеру үшін дамытушы ойындар үлкен рөл атқартады.

«Ойна да, ойла» бағдарламасының басты мақсаты:

- оқушылардың алған білімдерін жетілдіре отырып , функциональдық сауаттылығын дамыту;

«Ойна да ойла» бағдарламасының міндеті:

- Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету;
- Ақыл – ойын және ерік пен сезім белсенділігін арттыру;
- Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру;
- Ойын түрінде сөйлеу машығын қалыптастыру;
- Оқушылардың танымдық қабілетін дамытып, қызығушылығын арттыру;
- Оқушыларды ұйымшылдыққа, ұстанымдылыққа, шыдамдылыққа, адамгершілік қасиетке, достыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Осы бағдарлама арқылы балалардың ойлау қабілеттерін психикалық қасиеттерін, есте сақтау , зейін қиялы дамиды. Балалар тек ойын ойнап қана қоймай , осы ойындар арқылы тәрбие,білім –білдік дағдарлары қалыптасады деп есептеймін.

Мазмұндық бөлім

Үй құстарын жұптастыру (1сағат)

Үй құстарының пайдасымен таныстыру.

Сыңарып тап (1сағат)

Көп суреттің ішінен ұқсас суреттерді таба білуге үйрету.

Жыл мезгілдерін сәйкестендір (1сағат)

Әр жыл мезгілдеріне тән ерекшеліктерді айыра білуге жаттықтыру.

Сөздерге жан бітір (1сағат)

Балалардың байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.

Бір сөзбен ата (1 сағат)

Әр түрлі атауларды бір сөзбен қорытындылауды үйрену.

Қонжық өзінің добын қайдан іздейді ?(1сағат)

Балалардың назарын әр түрлі нұсқалар арқылы қалыптастыра отырып қасындағ жанында, үстіне, астында көмекші сөздермен таныстыру.

Тауық пен қорадағы түлкі. (1 сағат)

Балалардың зейінін, байқағыштықтарын жүру дағдыларын дамыту.

Өз жұбыңды тап(1сағат)

Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға үйрету.

Салқын немесе жылы.(1 сағат)

Балаларды салқын немесе жылы заттарды ажырата білуге үйрету.

Жуынып жатыр сұр қоян. (1сағат)

Қос аяқтап алға қарай секіру. Қабілеттерін жетілдіру.

Паравоз ойыны (1 сағат)

Жағымды эмоция тудырту, өзіне өзі сенімділікті жоғарлату.

Не қайда тұрады? (1 сағат)

Балалардың ойлау қабілетін дамыту.

Ақ сүйек(1сағат)

Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.

Хан талапай (1сағат)

Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Заттар әлеміне саяхат (1сағат)

Заттардың нақты атауларын балалар біледі ме жоқпа соны тексеру.

Біздің көмекшілеріміз(1 сағат)

Заттарды танып білуге, көз олаодың көмекшілері , оларды сақтай білуге үйрету.

Сыр (1сағат)

Балалардың түр- түстерді тани білуге үйрету.

Заттар өздері туралы не айтады(1 сағат)

Балаларға заттардың түсін,нұсқасын қасиетін ажырата білуге үйрету.

Заттарды дыбысынан таны(1 сағат)

Балаларға адам өміріндегі есту қабілетінің рөлі туралы айту.

Кім солай сөйлейді? (1 сағат)

Жануарлардың дыбысын ажырата білуге үйрету.

Пішіндерді боя (1сағат)

Түстерді тани білуге үйрету.
Отбасы(1сағат)
Отбасы мүшелерін білу.
Зейінді бол(1 сағат)
Геометриялық фигураларды ажырата білу.
Көршілер (1 сағат)
Сөйлемді дұрыс құрап айтуға үйрену.
Өз үйінді тап(1сағат)
Түстерді ажырата білуге үйрету.
Қай қолымда көп(1 сағат)
Аз және көп заттарды ажыратуға үйрету
Доппен ойнау (1сағат)
Жоғары –төмен, астында – үстінде ұғымдарын бекіту.
Бірдей түсті заттарды қос (1 сағат)
Түстерді ажырыта білу.
Төлдерін тап(1сағат)
Төрт түлік малды тануға үйрету.
Суретші қай жерде қателесті..(1сағат)
Балалардың ойлау қабілетін дамыту.
Аңдарды қоректендір (1сағат)
Көбелекті гүлге орналастыр(1 сағат)
Балалардың логикалық қабілетін дамыту.

Нормативтік бөлім
Барлығы: 33 сағат
Аптасына: 1сағат

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күні
1	Үй құстарын жұптастыр	1	
2	Сыңарын тап	1	
3	Жыл мезгілдерін сәйкестендір	1	
4	Сөздерге жан бітір	1	
5	Бір сөзбен ат	1	
6	Қонжық өзінің добын қайдан іздеді?	1	
7	Тауық қорадағы түлкі	1	
8	Өз жұбынды тап	1	
9	Салқын немесе жылы	1	
10	Жуынып жатыр су қоян	1	
11	Паравоз ойыны	1	
12	Не қайда тұрады?	1	
13	Ақ сүйек	1	
14	Хан талапай	1	
15	Заттар әлемәне саяхат	1	
16	Біз көмекшілерміз	1	
17	Сыр	1	
18	Заттар өздері туралы не айтады	1	
19	Заттарды дыбысынан таны	1	
20	Кім солай сөйлейді	1	
21	Пішіндерді боя	1	
22	Отбасы	1	
23	Зейінді бол	1	
24	Көршілер	1	
25	Өз үйінді тап	1	
26	Қай қолымда көп	1	
27	Доппен ойнау	1	
28	Бірдей түсті заттарды қос	1	
29	Төлдерді тап	1	
30	Суретші қай жерде қателесті	1	
31	Аңдарды қоректендір	1	
32-33	Көбелекті гүлге орналастыр	2	

Ақпараттық - әдістемелік бөлім

«Ойна да, ойла» бағдарламасы бойынша қызықты ойындар ойната отырып оқушылардың дене тәрбиесіне деген қызығушылығын арттыру.

Түрлі ойындар ойнату. Балаларды ойын барысында өз деңгейлерімен марапаттау

Тақырыптық бақылау: Оқу бағдарламасындағы тақырыптар бойынша өткізіледі. Сабақтың тақырыбы және әрбір кезеңдер негізінде тәрбиеленушілердің іскерлік дағдыларын жан – жақты жүзеге асыру. Сабақты өту барысында тәрбиенушілер өздерін - өздері марапаттайды

Мұғалімге арналған әдебиеттер

1. Ш.Майғаранова « Мектепке дейінгі ұйымдағы оқушыларды рухани дамыту мәселелері»
- 2 . « Кел, балалар, ойнайық!» - Алматы « Арда» 2006ж.
3. «Қазақтың ұлттық ойындары» - Алматы « Рауан» 1991ж
4. Балдырған журналы.
5. В. Радрова. «Алтын сандық»

Балаларға арналған әдебиеттер

1. Ұлттық ойындар жинағы.
- 2.Отбасы және балабақша журналы
3. Мектепалды даярлық журналы
4. Мектептегі дене шынықтыру журналы.